

2

«Кітап оқитын ұлт»: Жоба жанданып келеді



4

Өнеге Ұлықталған кеш



Сыр бойы

№99 (21174) 9 шілде, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz
www.instagram.com/syrboy_kz
t.me/syrboy_kz
twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қанатбек Бақытұлы Жайсанбаев Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының орынбасары – Қазақстан Халық Кеңесі Хатшылығының басшысы болып тағайындалды. Ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Сондай-ақ Асламбек Амангелдіұлы Мерғалиев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы лауазымына және Берік Ноғайұлы Асыллов Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры лауазымына тағайындалды.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖОСПАР ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Үкімет отырысында су ресурстарын басқару мәселелері қаралды. ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен жиынға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте су ресурстарын басқаруға қатысты жауапты тұлғаларға тапсырмалар жүктелді.

– Су алу науқанында су шаруашылығы нысандары жұмысының тұрақтылығын, жоспарға сәйкес ұйымдастырылуын қатаң бақылауға алыңыздар. Сырдария суын егістікке ысырапсыз пайдаланып, Кіші Аралға жіберілетін көлемді жеткізу қажет.

Одан бөлек, көлдер жүйесі мен шабындық, жайылымдарды суландыруға ерекше назар аудару керек. Бұл аймақтағы экологиялық жағдайды тұрақтандыруға септігін тигізеді.

Биыл су жеткізу қызметінде биллингтік жүйе ресми түрде іске қосылып, су тұтынушылармен электрондық келісімшарт жасау толық аяқталды. Қолданыстағы қағидаларға

сәйкес, шаруашылықтар әр айдың 25-іне дейін су жеткізу қызметі үшін төлем жүргізуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Жалпы, су шаруашылығы саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған өңірлік кешенді жоспарына 112 жоба енгізілген. Су ресурстарын тиімді пайдаланудың жүйелі шараларына 10 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Өткен жылы су үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, 8,1 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, биыл бұл көрсеткіш 14,2 мың гектарға жеткізілді. Су шығынын азайту үшін 65 мың гектар күріш алқаптары лазермен тегістелді. Осыған сәйкес бірінші кезекте 75 нысанның су қорғау жобалық құжаттамасын әзірлеу жоспарлануда.

ГАЗДАНДЫРУ: БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 85 ПАЙЫЗ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында газ саласын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте өңірдегі газдандыру жұмыстарының барысы талқыланды.

– Мемлекет басшысы энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту, елді мекендерді «көгілдір отынмен» қамту көрсеткішін 65 пайызға жуық деңгейден 80 пайызға дейін арттыру жөнінде тапсырма берді. Бұл – өңірлер үшін аса маңызды міндет.

Сондықтан, газдандыру жобаларын уақытылы әрі сапалы іске асы-

рып, белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуіміз қажет, – деді облыс әкімі.

Мәжілісте тұрғындарды сұйытылған мұнай газымен тұрақты қамтамасыз ету мәселесі де қаралды. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына, қала және аудан әкімдеріне сұйытылған газдың тұрақты қорын, тұрғындардың «көгілдір отынмен» үздіксіз қамтылуын бақылау тапсырылды.

2-бет



/// БҮГІН – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

«СУ ҮШІН БӘСЕКЕ ҒАСЫРЫ»

XXI ғасыр адамзат өркениетінің жаңа дәуірін бастап берді. Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар, роботтандыру және автоматтандыру өндіріс пен экономиканың ғана емес, бүкіл қоғамдық өмірдің сипатын өзгертуде. Бұрын адамның қолымен атқарылған жұмыстарды бүгінде ақылды машиналар орындай бастады. Бұл – ғылымның жеңісі. Бірақ өркениеттің әрбір жетістігі жаңа жауапкершілік жүктейді.



Фото: ашық дереккөзден

Бүгінгі таңда әлемді алаңдатып отырған ең өзекті мәселелердің бірі – табиғи ресурстардың сарқылуы. Оның ішінде су мәселесі ерекше орын алады. Климаттың жаһандық өзгеруі, халық санының қарқынды өсуі, өндірістің ұлғаюы мен табиғатты бейберекет пайдалану жер бетіндегі тұщы су қорына бұрын-соңды болмаған қысым түсіріп отыр.

БҰҰ сарапшылары XXI ғасырды «су үшін бәсеке ғасыры» деп бағалауы бекер емес. Кеше мұнай мен газ үшін таласқан мемлекеттер ертең ауызсу мен суармалы су үшін келіссөз жүргізуі әбден мүмкін. Геоэкология жағдайдың күрделенуі де табиғи ресурстардың стратегиялық маңызын бұрынғыдан да арттыра түсті.

Қазақстан үшін бұл мәселенің салмағы ерекше. Еліміздің басым бөлігі қуаң климаттық белдеуде орналасқан. Су қорларының едәуір бөлігі трансшекаралық өзендерге тәуелді. Сондықтан суды

тиімді басқару – тек ауыл шаруашылығының ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында су мәселесін бірнеше рет ерекше атап өтті. Президенттің бастамасымен Су ресурстары және ирригация министрлігінің құрылуы – осы стратегиялық бағытқа мемлекет тарапынан берілген жоғары бағаның нақты көрінісі. Бұл – уақыт талабынан туған шешім.

Адамзат қанша жерден жасанды интеллекттің дамытып, цифрлық экономиканы қалыптастырғанымен, судың орнын ешқандай технология баса алмайды. Су – тіршіліктің бастауы. Егер электр жарығы бірнеше сағатқа өшсе, оның орнын уақытша толтыруға болады. Ал ауызсу тоқтаса, тіршілік бір сәтте-ақ тоқырай бастайды.

Судың шынайы құнын біз көбіне тапшылық туған кезде ғана сезінеміз.

3-бет

ШІЛДЕДЕГІ ӨЗГЕРІС ҚАЙ САЛАНЫ ҚАМТИДЫ?

Шілде айы еліміз үшін бірқатар маңызды өзгерістердің басталуымен ерекшеленді. Мемлекеттік басқару жүйесінен бастап қаржы, құрылыс, цифрландыру және сауда салаларына дейінгі жаңашылдықтар азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер етпек. Бұл өзгерістер мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға, цифрлық мүмкіндіктерді кеңейтуге және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған.

2-бет



Ашық дереккөздерден алынған сурет

Валюта бағамы:

\$ 472,03 kzt

€ 538,54 kzt

₸ 6,11 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі ☀️ +35°

☾ +24°

Жұма ☀️ +36°

☾ +25°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАҒАНДЫҚ ЖЕЛІ: «АРАЛ ГЕОПАРКІН» БАҒАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ



Мемлекет басшысы Арал өңірінің экологиялық тұрғыдан қалпына келтіру және оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше мән беріп келеді.

Бұл ретте облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың ЮНЕСКО-ның Жаһандық геопарктер желісіне «Арал геопаркі» енгізу бойынша бағалау жүргізуге келген халықаралық сарапшылар Жозе Брилья, Сомма Саедионисимен кездесуінде атқарылған жұмыстар және бағалау миссиясының алдағы негізгі міндеттері сөз болды.

/// МӘМІЛЕ

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»: ЖОБА ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Кеше облыс әкімдігі мен «Кітап оқитын ұлт» қоғамдық қоры арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қорының төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков және бірқатар басқарма басшылары мен тиісті сала өкілдері қатысты.



Меморандум Президенттің кітап оқу мәдениетін дамыту, зерделі ұлт қалыптастыру және шығармашылық жасампаз әрі бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу жөніндегі бастамаларын өңірде тиімді іске асыруға бағытталған.

Бұл жоба пилоттық режимде Қарағанды, Қостанай және Шымкент қалаларында жүзеге асырылып, тиімділігі мен қоғамдық маңыздылығын көрсеткен. Қазіргі кезде Алматы, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында жүзеге асырылып жатқан жоба қоғамдық кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға, өскелең ұрпақтың білімге деген қызығушылығын арттыруға, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды әлеуметтік бастама болып отыр.

Шарада қоғамдық қор төрағасы Бақытжан Жұмағалиұлы жобаның жүзеге асырылу барысымен таныстырды.

— Естеріңізде болса, 2018-2021 жылдары аралығында біз Сыр өңірінде «Тұлпар мініп, ту айған!» ағартушылық жобасын жүзеге асырған болатынбыз. Ол «Қобыланды

батыр» жырын оқуға және жаттауға бағытталды. Оған Аралдан бастап Жаңақорғанға дейін ниет білдірушілер болды. Сол кезде бір ғана Аралдан 500-ге жуық талапкер қатысты. Міне сол тәжірибеге сүйене отырып, осы жобаның механизмін жасадық. Жоба бұған дейін үш өңірде өтті. Басында әр аймақтан 25 мың адам қатысады деп жоспарланған еді, алайда одан асып кетті. Қатысушы 190 мыңға жуықтады. Сондықтан бұл жоба қолдау тауып, Мемлекет басшысы 16 мамыр күні арнайы Жарлыққа қол қойды. Соның нәтижесінде республика көлемінде жүзеге асырылып жатыр. Қызылорда өңірінде жеті бағыт бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда, «кітап оқитын мектеп», «кітап оқитын колледж», «кітап оқитын университет», «кітап оқитын әулет», «кітап оқитын мемлекеттік қызметші», «кітап оқитын спортшы» және «кітап оқитын педагог» бағыттары қамтылған. «Кітап оқитын мектептің» өзі бексе бөлінеді, — деді қор төрағасы Бақытжан Жұмағалиұлы.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ГАЗДАНДЫРУ: БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 85 ПАЙЫЗ

Будан бөлек, елді мекендердің санитарлық тазалығына қатысты жаңа талаптар талқыланды. Биыл 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген калалар мен елді мекендерді абаттандырудың үлгілік қағидаларын тұрғындарға кенінен түсіндіру қажет.

Қағидаларды бұзу, қоршаған ортаға зиян келтіру фактілері анықталса, заңнама талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданып, жауапкершілігі сұралады.

Өңірде елді мекендерді газдандыру кезеңімен жүзеге асырылуға.

Биыл 14 жобаны іске асыруға 4,7 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 2 өтпелі және 12 жаңа жоба бар. Жыл соңына дейін 10 елді мекенді табиғи газға қосу жоспарланып отыр. Нәтижесінде облыс халқын газбен қамту деңгейі 85 пайызға жетеді.

2026-2027 жылдары іске асырылатын жобаларды қаржыландыру үшін 19 млрд теңгенің бюджеттік өтіміні ұсынылды. Қолдау тапса, тағы 16 елді мекенге газ жеткізіледі. Одан бөлек, «QazaqGaz Aımaq» акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламасы аясында 6 елді мекенді газдандыру көзделіп отыр.

ШІЛДЕДЕГІ ӨЗГЕРІС ҚАЙ САЛАНЫ ҚАМТИДЫ?

Ең ауқымды өзгерістердің бірі – 1 шілдеден бастап жаңа Конституцияның толық күшіне енуі. Мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа институттар іске қосылып, заң шығару және атқарушы билік құрылымында өзгерістер жүзеге асырылады. Азаматтардың құқықтарын қорғау күшейтіліп, құқық органдарының жауапкершілігі артады.

Қаржы саласында да маңызды жаңалықтар бар. 19 шілдеден бастап бірінші QR-төлем жүйесі кезең-кезеңімен енгізіледі. Бұл кез келген банктің мобильді қосымшасы арқылы ортақ QR-кодпен төлем жасауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде кәсіпкерлер мен тұтынушылар үшін төлем жасау үдерісі жеңілдеп, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу одан әрі дамиды.

Шетелдік маркетплейстер арқылы тауар сатып алу ережелері де өзгереді. Келендік рәсімдеу мен электронды саудаға қатысты жаңа талаптар енгізіліп, интернет арқылы сатып алынатын тауарлардың қозғалысы тиімдірек бақылауға алынады. Сонымен бірге банк қызметтеріне қойылатын талаптар күшейтіліп, клиенттердің қаржылық қауіпсіздігін арттыруға басымдық беріледі.

Жаңа Құрылыс кодексі күшіне енгізіліп, саланы реттеу талаптары жаңарды. Сапаны бақылау, қауіпсіздік талаптары мен жауапкершілік мәселелері нақтырақ айқындалды. Бұл тұрғын үй құрылысының сапасын арттыруға және саланың ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар сейсмотұрақтылыққа міндетті сынақтар енгізілді. eGov-та жок құрылыс компанияларының реестрі пайда болады және инженерлердің жеке жауапкершілігі бекітілді. Тұрғын үйлердің минималды кепілдік мерзімі 5 жылға дейін, ал іргетасы мен жүк көтергіш

конструкцияларына 10 жылға дейін ұзартылды. Нысаналы құрылыс шектеліп, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын 2 жылда бір реттен жиі өзгертуге тыйым салынды.

Абаттандыру ережелерінде де өзгеріс бар. Үй иелері мен жалға алушылар ғимараттан, қоршаудан немесе сауда нысанынан сыртқа қарай 5 метр аумақты өз қаражаты есебінен тазалап, тәртіпте ұстауға міндетті. Тексерісті жергілікті органдар жүргізеді, әсіресе жеке сектордағы үйлер мен қоршаулардың сыртқы келбеті бақыланады. Ережені бұзғандарға алдымен ескерту беріледі, ал талап орындалмаса 20 АЕК, бір жыл ішінде қайталанса 30 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

Тротуарларға, балалар мен спорт алаңдарына, жасыл желекпен газондарға, қоқыс контейнерлері алаңына және арнайы тұраққа арналмаған орындарға көлік қоюға тыйым салынады. Айыппұл көлемі максималды 1,2 млн теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Қар жауа басталғаннан кейін жолдарды тазалау бірден басталуы керек және қар тоқтаған соң 48 сағат ішінде толық аяқталуы тиіс. Шытырлар мен қалқалар айына кемінде 1 рет қар мен мұздан тазалануы керек. Көшелердегі жұмыс істемейтін шамдар саны 10 пайыздан аспауы керек және олар қатар орналаспауы тиіс.

Жалпы алғанда, шілде айынан басталатын өзгерістердің негізгі мақсаты – мемлекеттік басқаруды жетілдіру, цифрлық экономиканы дамыту және азаматтарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Әрбір қазақстандық жаңа талаптармен алдын ала танысып, өз құқықтары мен міндеттерін білуі маңызды. Өйткені заңнамалық өзгерістердің тиімділігі оларды қоғамның дұрыс қабылдап, күнделікті өмірде сауатты қолдануына тікелей байланысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

ӨСІМ – ӨНІМДІ ЕҢБЕК ӨЛШЕМІ

Қазалы ауданында халықтың игілігі үшін жасалып жатқан жұмыс көп. Айталық, газдандырудан бөлек, жол инфрақұрылымы, әлеуметтік ғимараттар мен тұрғын үй салу, электр желілерін жаңарту және ауысу құбырын жүргізуде де жүйелі іс бар. Ел ішіндегі бұдан өзге жаңалықтарды аудан әкімі Алмасбек Есмаханов БАҚ өкілдеріне арналған брифингте айтып берді.



Жыл басынан бері бюджет көлемі 14,2 млрд теңгеге нақтыланған. Кіріс жоспары 4,3 млрд теңгеге жоспарланып отыр.

— Өңірге көрсетілген қолдаудың нәтижесінде ауданда да кәсіпкерлік саласы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Шағын және орта бизнеспен айналысатын 4935 кәсіпкер тіркелген. Жыл басынан бері жаңа 9 кәсіпкерлік нысан бой көтеріп, 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген несие беретін қаржылық ұйымдар тарапынан жыл басынан бері барлығы 188 жобаға 1,6 млрд теңге берілді. Ауданда 1 млрд 95 млн теңгеге 3 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, оның ішінде ерекше атап өтетін «Тауарлы балық өсіру тоғанының құрылысы» жобасы. Былтыр Басықара ауылынан «Арал рыборты» ЖШС 650 млн теңгеге көлемі 464 гектар жерді құрайтын балық тоғанын бастаған болатын. Алдағы күзде 500 тоннаға жуық тауарлы балық өндіру көзделуде, — деді А.Есмаханов.

Қазалыда құрылыс пен инфрақұрылым саласында оң өзгеріс жетерлік. Әлеуметтік ғимараттар тұрғызу, жол салу, газ тарту мәселесі тұрақты жолға қойылған. Сондай-ақ биыл ауданда 200 пәтерлік тұрғын үй құрылысы да басталады.

— Газдандыру жұмысы тоқтамайды. Былтыр Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақол, Ү.Түктібаев елді мекендеріне газ жеткізу құбырларының құрылысы жүргізіліп, жұмыс көлемі толық аяқталды. Жоба құны – 3 млрд 733,5 млн теңге. Ал биыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Ү.Түктібаев ауылдарына орамшilik газ желілері құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 680 млн теңге қаржы бөлініп, жұмыс жүргізілуде. Қазан айында осы ауылдарды «көгілдір отынға» қосамыз. Айта кетейін, бүгінге дейін аудан халқын газбен қамту көрсеткіші 77,6 пайызды құраса, аталған ауылдар толық газ отынына қосылғаннан кейін көрсеткіш 86,3 пайызға жетеді, — деді аудан басшысы.

Алмасбек Есмаханов ұзақ уақыт бойы мәселе болып келген «Қарлан» темір-бетонды көпірінің құрылысын да айтып өтті. Оның сөзінше, бұған дейін дария үстіне салынған қалқымалы көпір аудан орталығына қатынаған 12 мыңға жуық халықтың мұқтажы болғанын жасырмады.

— 2022 жылы «Қарлан» учаскесінен темір-бетонды көпір құрылысы басталған болатын. Алайда мердігер «СтандартОйлКэо» ЖШС жауапсыздығы салдарынан көпір құрылысы тоқтап қалды. Мұны аяқтауға қайта мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жеңімпаз «НұрлыТау ЛТД» ЖШС анықталды. Былтыр сәуірде құрылыс қайта жанданды. Қазір көпірдің негізгі тірек бөліктерін орнату және бетон тіреулерін құю жұмыстары атқарылуда. «Қарлан» көпірінің құрылысы тезірек аяқтала, Өркендеу, Бірлік, Қожабақы, Аранды, Бозкөл, Тасөткел, Лақалы, Ажар, Тасарық және Кәукей елді мекендеріне баратын жол қатынасы жақсара түспек, — деді ол.

Қазалыдағы әлеуметтік нысандарды жаңарту, жөндеу жұмыстары да сөз болды. Жақында аудан көлемінде екі жаңа спорт кешені ел игілігіне берілетін болса, 6 мектепке күрделі жөндеу жүрмек. Сондай-ақ қайта жаңартылған теміржол вокзалы да халыққа тұрақты қызмет етуде.

— Қазалы ауданындағы 125 жылдық тарихы бар теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтіп, жақында ғана аймақ басшысының қатысуымен халыққа пайдалануға берілді. Тарихи ғимаратты жаңғырту жұмысына «Қазақстан Темір жолы» компаниясы тарапынан 1 млрд 290 млн теңге қаржы бөлінді. Сонымен қатар, теміржол вокзалының аумағына 91 млн теңгеге абаттандыру жүргізілді, — деді брифингте аудан әкімі.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Қызылорда облысы бойынша 2026 жылғы III тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 44 162 теңгені құрайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, «Сол жағалау» ықшам ауданы, Ғ.Мұхамеджанов көшесі 5А.

Телефон: 8(7242) 40-03-43.

Электронды пошта: tic_kz1_obl@saylau.kz

Комиссия төрағасы – Ерсұлтанов Әліпбек Бөрібайұлы

Төрағаның орынбасары – Нақиев Болат Нұржігітұлы

Хатшы – Сырлыбаева Аягөз Мұратбекқызы

Комиссия мүшелері: Ідрісов Бақытжан Жеткерұлы, Әнуарбек Берлібек Ахметұлы, Тағыбергелен Абай Тағыбергеленұлы, Жанұзақов Қуаныш Қуантқанұлы.

Аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты:

09.00-19.00, 13.00-15.00 - түскі үзіліс.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы

Сыр бойы

№99 (21174) 9 шілде, бейсенбі 2026 жыл

«СУ ҮШІН БӘСЕКЕ ҒАСЫРЫ»

Бір қарағанда, су өзенде ағып жатқан табиғи байлық секілді көрінеді. Алайда сол суды елді мекенге жеткізу, су қоймаларын салу, каналдарды күтіп-ұстау, әрбір гектар егістікке әділ бөліп беру – мыңдаған су мамандарының күнделікті еңбегінің нәтижесі. Сондықтан 9 шілденің Су шаруашылығы қызметкерлері күні болып белгіленуі – жай ғана кәсіби мереке емес. Бұл– елдің азық-түлік қауіпсіздігіне, экологиялық тұрақтылығына және ауыл шаруашылығының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген азаматтарға көрсетілген құрмет.

Сыр өңірі үшін судың қалірін сөзбен айтып жеткізу қиын. Бұл өлкенің тарихы да, тіршілігі де, экономикасы да Сырдариямен тығыз байланысты. Дарияның әр тамшысы мыңдаған гектар егістіктің тағдырын шешеді. Кейінгі жылдары шаруашылықтар суды үнемдеу технологияларын белсенді енгізе бастады. Лазерлік жер тегістеу жүйелері, су есебін автоматтандыру, цифрлық бақылау құрылғылары, суару процестерін басқарудың интеллектуалды жүйелері – мұның бәрі су тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар. Дегенмен өңірдің алдында шешімін күткен мәселелер аз емес. Топырақты тұздануы, жердің мелiorациялық жағдайының нашарлауы, климаттың өзгеруі Сырдариядағы су көлемінің азаюы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын шектеуші факторлар екендігі айқын. Сондықтан бүгінгі таңда «көбірек су пайдалану» емес, «әр тамшы суды тиімді пайдалану» қағидасы негізгі ұстанымға айналуды тиіс.

Арал теңізінің тағдыры – бүкіл адамзатқа сабақ болған экологиялық апат. Бір ғана ұрпақтың көз алдында алып теңіздің жойылып кетуі табиғат заңдылықтарын елемейтін қандай зарлаптарға әкелетінін және табиғатты женуге болмайтынын, онымен үйлесімді өмір сүру керектігін көрсетті.

Қазақстан тарапынан жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Кіші Аралды сақтап қалуға мүмкіндік туыды. Бұл – ғылымның, мемлекеттің және халықаралық ынтымақтастықтың ортақ жетістігі еді.

Алайда бұл мәселені толық шешілді деп айта алмаймыз. Себебі дарияның су көлеміне байланысты жиналған сулар тез арада аза-

йып кетіп, судың тұздылығы көтеріліп, кейбір балықтар тұқымының жойылуы орын алуда және болжамдар Сырдария суының көлемі алдағы он жылдықта да азыа түсетінін көрсетеді. Демек, су ресурстарын басқаруда бұрынғы тәсілдермен жұмыс істеу мүмкін емес. Шаруалар өз деңгейлерінде су ресурстарын тиімді пайдалану бағытында орасан зор жұмыстар атқаруда. Бүгінгі күні атыз беттерін тегістегін қамтамасыз ету суды және аймақтың биоклиматтық ресурстарын тиімді пайдаланудағы маңызды технологиялық процестердің бірі болып табылады. Кейінгі жылдары мемлекеттік субсидиялау мәселелердің шешілуі және суга деген тәуелділік шаруалардың лазерлік жер тегістегіштерді көптеп алуға жол ашты. Тағы да бір ескертін жағдай – өңірде топырақтың тұздылығы, деградацияға ұшырауы өнімділікті арттырудың тежеуші факторы болып келеді. Сондықтан жер, су, климат ресурстарын ғылыми негізде тиімді пайдалану – бүгінгі күннің өте өзекті мәселесі.

Болашақтың су шаруашылығы цифрлық технологияларға, жасанды интеллектке, ғарыштық мониторингке, дрондарға және автоматтандырылған басқару жүйелеріне сүйенетін болады. Осындай күрделі міндеттерді жүзеге асыратын басты күш – адам капиталы.

Су шаруашылығы саласына жана буын инженерлер, гидротехниктер, мелiorаторлар, IT-мамандар және зерттеушілер қажет. Сондықтан бұл бағыттағы жоғары білім мен ғылымның рөлі бұрынғыдан да артып келеді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Су ресурстары және суды пайдалану», «Жерді мелiorациялау, баптау және қорғау» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады. Университеттің ғылыми-зерттеу базасының жанартылуы, заманауи зертханалардың ашылуы және өндіріспен ықпалдастықтың нығаюы – сапалы инженерлер даярлаудың берік негізі. Ы.Жақаев атындағы Қазақ ғылыми зерттеу институты ҚР АІШМ мемлекеттік инвестициялық жоба аясында әлемдік стандарттарға сай келетін суды басқару, есепке алу, суару процесін автоматтандыру, климаттық көрсеткіштерді анықтау бағыттарында қолданылатын отандық «Saiman» ЖШС шығарған заманауи

қондырғыларды орнатып, жасанды интеллект, цифрлық платформаға негізделген жүйе жасауда және осы база университеттен бірге сапалы мамандар даярлауға қолданылуда.

Кафедраның оқытушы профессорлар құрамында осы саланың жанашыры, үнемі су шаруашылығы мәселелері туралы қоғамда ой-пікірін ашық білдіріп, шешу жолдарын біліктілікпен көрсетіп жүрген аймақтағы сушылардың ұстазы, еліміздегі мелiorация саласындағы атақты ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор С.Қошқаров, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор А.Шомантаев, ғылымды өндіріспен ұштастырушы ғалым, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Байманов, тағы басқа да ғалымдардың жұмыс істеуі заманауи талаптарға сай келетін мамандарды даярлауға кепіл болатындығы сөзсіз.

Биыл Сыр өңірінде инженер-гидромелiorаторлар даярлаудың басталғанына елу жылы толып отыр. Бұл – бір оқу орнының ғана емес, тұтас аймақтың инженерлік тарихындағы айтулы бесес. Осы мерейіміз аясында инженерлік мамандықтардың беделін арттыруға арналған республикалық ғылыми конференция, өндіріс ардагерлерімен кездесулер, жас ғалымдар форумдары ұйымдастырылса, оның тәрбиелік әрі ғылыми маңызы зор болар еді. Өйткені ұлттың дамуы тек табиғи байлықпен емес, сол байлықты ғылыммен игере алатын мамандардың әлеуетімен өлшенеді.

Қазақ «Судың да сұрауы бар» дейді. Бұл – жай ғана мақал емес, бүгінгі заманның басты қағидасы. Суды үнемдеу – табиғатты қорғау жана емес, келешек ұрпақтың несібесін сақтау. Су шаруашылығын дамыту – ауыл шаруашылығын дамыту ғана емес, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал білікті су маманын даярлау – елдің ертеңіне салынған инвестиция.

Су – тіршіліктің өзегі. Оны қадірлей білген ел ғана тұрақты дамудың даңғыл жолымен нық қадам басады.

Серікбай ӨМІРЗАҚОВ,
техника ғылымдарының докторы,
ҚР ҰАҒА академигі, «Сыр мұрабы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы

ҚОС АРНАНЫҢ ТАРИХЫ

Су – тіршіліктің өзегі, елдің ырысы мен бөрекесінің бастауы. Әсіресе Сыр өңірі үшін судың маңызы ерекше. Дариядан тараған әрбір тамшы мыңдаған гектар егістікті нәрлендіріп, шабындық пен жайылымды кеңейтіп, елді мекендердің өсіп-өркендеуіне негіз. Бұл игіліктің артында табиғатпен тіл табысып, күрделі гидротехникалық құрылыстарды күтіп-баптап, суды тиімді үлестіріп келе жатқан су шаруашылығы мамандарының қажырлы еңбегі жатыр. 9 шілде – Су шаруашылығы қызметкерлері күні қарсаңында Сыр өңіріндегі ең ірі су нысандарының бірі – Жаңадария мен Қуандария арналарының тарихына және оны өркендеткен сушылардың еңбегіне тоқталған жөн.

1956 жылы стратегиялық маңызы зор Орта Азиядағы ірі гидротехникалық нысандардың бірі – «Қызылорда» су торабы толық салынып, пайдалануға берілді. Осы тарихи оқиғадан кейін облыстағы 286,5 мың гектар суармалы жердің 210,5 мың гектарын инженерлік жүйеге келтіру жұмыстары басталып, өңірді сумен тұрақты қамтамасыз етуге жол ашылды. 1958-1966 жылдары Жаңақорған, Шиелі аудандары мен Қызылорда қаласы, Қазалының он және сол жағалауы, Арал ауданы аумақтарында кең көлемді су шаруашылығы жұмыстары атқарылды. Ескі су арналары кеңейтіліп, жана каналдар қазылды, жол мен көпірлер салынды, арнайы қашыртқы каналдар іске қосылды, жана шаруашылықтар құрылды.

Көне тарихтың куәсі Жаңадария мен Қуандарияның жана тынысы да осы кезеңде ашылды. 1958 жылдың 11 желтоқсанында алғаш рет Жаңадария арнасына су жіберіліп, ғасырлар бойы қуаң жатқан арнаға қайта жан бітті. Соның нәтижесінде көлдер қалыптасты, олардың жағасына тіршілік қоныстанды. Суармалы егістік, шабындық пен жайылым көлемі айтарлықтай ұлғайды.

1964 жылдан бастап мал шаруашылығын дамыту мақсатында Жаңадария мен Қуандария бойында жана кеңешарлар құрылды. Сырдария ауданында Інкардария, Жалағаш ауданында Жаңадария мен Аққыр, Қармақшы ауданында Қуандария және Жаңақала, Қазалы ауданында Қызылқұм кеңешарлары ұйымдастырылды. Сонымен қатар Ботабай каналы бойында Шиелі ауданындағы Қызылқайың, Жуантөбе, Ботабай, Сырдария ауданындағы Айдарлы, Жетікөл және Амангелді елді мекендері бой көтерді.

Жаңадария мен Қуандариядағы су реттеу жұмыстарын 1971 жылға дейін «Қызылорда» су торабы мекемесі жүргізді. Алайда егістік пен шабындық көлемінің ұлғаюы, мал шаруашылығының қарқынды дамуы жана басқару құрылымын қажет етті. Осыған байланысты Қазақ КСР Үкіметінің 1971 жылғы 10 қыркүйектегі №868 қаулысы және Республика Су министрінің бұйрығы негізінде 1971 жылдың 1 қазанынан бастап Жаңадария каналдар басқармасы құрылды.

Жаңадария арнасы Сырдария, Теренөзек, Жалағаш және Қармақшы аудандары арқылы өтіп, жалпы ұзындығы 1052,6 шақырымға созылады. Оның онтүстікке бағытталған бөлігі Қарақалпақстан аумағы арқылы Арал теңізіне дейін жеткен. Ал Қуандария Жаңадариядан Қышбөгет тұсынан бөлініп шығып, Майлыөзек арқылы солтүстік-батысқа қарай ағып, өзінің көне арнасына құяды. Оның жалпы ұзындығы 436,4 шақырымды құрайды.

Жаңадария каналдар басқармасы құрылған күннен бастап өмірінің соңына дейін, яғни 1985 жылға дейін мекемені облысқа белгілі сушы, ақын әрі жазушы Қуаныш Есханов басқарды. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби тәжірибесінің арқасында каналдардың материалдық-техникалық базасы нығайып, көптеген гидротехникалық нысан салынды. 1971 жылы басқарма қарамағында Жаңадария мен Қуандария бойындағы негізгі су реттегіш тоспалар мен 30-дан астам шаруашылық каналы болды. Сол жылдары 5100 гектар тұрақты суармалы жер және 25-30 мың гектар шабындық суарылып, 13-15 шаруашылыққа су жеткізілді. 1971-1974 жылдары Жаңадария арнасына жыл сайын 450-550 миллион текше метр су жіберіліп отырды.



Фото ашық дереккөзінен.

НАЗАР

ЖОБА

«ОБЛЫСТЫҢ (ҚАЛАНЫҢ, АУДАНЫҢ) ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫН БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына және «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын берудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 279-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 38935 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБҮЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын беру қағидалары бекітілсін.
2. Қызылорда облыстық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:
 - 1) «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы»

атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 63 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 4387 болып тіркелген);

2) «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 63 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 84 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 8504-11 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбесінен он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы **М.Т.ЛЕУМБЕТОВ**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2026 жылғы « » _____ № _____ шешімін бекіткен

«ОБЛЫСТЫҢ (ҚАЛАНЫҢ, АУДАНЫҢ) ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫН БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- 1-тарау. Жалпы ережелер
 1. Осы «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын берудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына және «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын берудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 279-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 38935 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын беру тәртібін айқындайды.
 2. «Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын (бұдан әрі – «Құрметті азамат» атағы) беру елуелі еңбек сіңірген азаматтардың қоғамдық-жемісті қызметін және бастамашылығын қоғам тарапынан таныу әрі ынталандыру болып табылады, сондықтан азаматтардың өмірі және қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған.
 3. «Құрметті азамат» атағы облыста (қалада, ауданда) кемінде 10 жыл еңбек еткен, келесі талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының тұрғыны болып табылатын азаматтарына беріледі:
 - 1) кәсіби немесе азаматтық міндетін орындау кезінде көрсеткен ерлігі үшін, сондай-ақ заңдылық және құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін;
 - 2) мемлекет, елге және қоғам қайраткерлеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы нәтижелі еңбегі үшін, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін;
 - 3) қоғамдық қызметтегі жетістіктері мен қайырымдылық қызметі үшін;
 - 4) облыстағы (қаладағы, аудандағы) спорт, мәдениет, ғылым, білім, денсаулық сақтау, құрылыс, кәсіпкерлік, бизнес және ауыл шаруашылығы салаларын дамытуға қосқан үлесі үшін;
 - 5) Награда қағазына Облыс әкімінің нақты сәйкестігіне сәйкестігіне қатынаса, этносаралық қатынастар мен келісімді, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген ерен еңбегі үшін.

- 2-тарау. «Құрметті азамат» атағын беру тәртібі
 4. «Құрметті азамат» атағына ұсынылушының әрқайсысына Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша награда қағазы топтырылады.
 - «Құрметті азамат» атағын беру туралы қолдауқатар жергілікті атқарушы органдармен, шаруашылық одақтармен және басқа да ұйымдармен ерен нысанда енгізіледі.
 - Награда қағазында «Құрметті азамат» атағына ұсынылатын тұлғаның жеке басы, тиісті қызмет саласындағы жұмысының бағыты еңбек өтілі, тұлғаның еңбек, кәсіби немесе қоғамдық қызметі туралы мәліметтер, нақты сіңірген еңбегі, жұмысының тиімділігі мен сапасы туралы мәліметтер баяндалады.
 - Награда қағазына ұйым басшысы кол қояды және кол қойған ұйымдардың мөрлерімен расталады.
 - «Құрметті азамат» атағына ұсынылғандардың әрқайсысына ұсыным және дайындалады.
 - Облыс әкімдігі жанындағы марапаттау комиссиясының отырысына дейін отыз күннен кем мерзімде келіп тұрған награда құжаттары қарауға қабылданады.
 - Награда қағазына Облыс әкімдігі жанындағы марапаттау комиссиясымен ресімделеді.
 - Медальдар мен оларға куәліктерді дайындау, сондай-ақ оларды есепке алу және сақтау облыс (қала, аудан) әкімі аппаратына жүктеледі.
 - Әр қалыптатуларының ұсынын тұлғалардан келіп түскен «Құрметті азамат» атағын беру туралы қолдауқатар қаралмайды.
 - Облыс бойынша аудан немесе қаланың «Құрметті азамат» атағына не тұлғаны қайта ұсынуға жол берілмейді.
 - «Құрметті азамат» атағын беру қайтасыз болғанынан кейін еліміздің мүддесін қорғау кезінде және адам өмірін құтқаруға байланысты жағдайларда көрсеткен бағылдығы, ерлігі, қанармандығы үшін жүзеге асырылуы мүмкін.

НАГРАДА ҚАҒАЗЫ

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____
2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____
3. Лауазымы, жұмыс, қызмет орны (кәсіпорны, мекеме, ұйым бөлімшесінің нақты атауы дәл көрсетілуі керек) _____
4. Жанымы _____
5. Туған жылы мен туған жері _____
6. _____
7. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
8. Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен наградалған және наградалған уақыты: _____
9. Үйінің мекенжайы _____
10. Жалпы жұмыс өтілі _____
11. Саладағы жұмыс өтілі _____
12. Тиісті қызмет саласындағы еңбек өтілі, тұлғаның еңбек, кәсіби немесе қоғамдық қызметі туралы мәліметтер _____

13. Наградталушының нақты айрықша еңбегін сипаттайтын мінәземе: _____
Кандидатура _____
(кәсіпорнының, мекеменің, ұйымның атауы _____) _____
Мына _____ талқыланған, ұсынылған. _____ атағына ұсынылады.

(облыстың (қаланың, ауданын) «Құрметті азаматы» атағы) _____

Ұйым басшысы _____
(ТАӨ) (ол болған жағдайда) _____ (ТАӨ) (ол болған жағдайда) _____
_____ (қолы) _____ (қолы) _____

«Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын берудің қағидаларына 2-қосымша Нысан

1. Медальдің эскизі мен сипаттамасы:

Медальдің аверсі	Медальдің реверсі
Медаль аверсінң ортасында өңірлік нышанның бейнесі. Жоғары шеткі бөлігін бойлай облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы деген жазу жазылады.	Реверсінде медальдің реттік нөмірі орналасқан

Медальге мынадай талаптар қойылады:
1) медальдің визуалды құрамдас бөлігі, көлемді бейнесі және (немесе) моделі анық белері бар;
2) медаль жобасында ресми атаулар, жазулар және басқа да мөтидер қазақ тілінде жазылады;
1) медаль жезден диаметрі 34 миллиметр (бұдан әрі - мм) шеңбер пішінінде жасалады. Медальдің аверсі жылтырақ;
2) реверсінде медальдің реттік нөмірі орналасады;
3) медаль құлақина мен шығыршы арқылы көгілдір түсті мұар лентасымен қапталап, ені 30 мм және биіктігі 50 мм алтыбұрышты тағанға жалғанады. Медаль киімге визорлы бекіткіші бар тұбіреуші арқылы бекітіледі.

Облыстың (қаланың, ауданын) құрметті азаматы» атағын берудің қағидаларына 3-қосымша Нысан

Куәлік эскизі:

Куәліктің алғы сол жағы	Куәліктің алғы оң жағы
Облыстың (қаланың, ауданын) атауы № _____ куәлік _____ (Медальдің суреті)	ТАӨ (ол болған жағдайда) Мәслихаттың шешімі жазылады Облыстың (қаланың, ауданын) мәслихат төрағасының қолы мен мөрі

Куәліктің артық сол жағы _____ Куәліктің артық оң жағы _____

Облыстың (қаланың, ауданын) өңірлік нышанның бейнесі _____

Ізбасқан ӘНІЗ,
«Қазушар» РМК Қызылорда филиалы
ауданаралық каналдар жүйесі өндірістік
учаскесінің инженері

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Әнеге ұлықталған кеш



Президент саябағындағы амфитеатрда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі мен «Ел іші – өнер кеніші» өнер байқауының қорытынды шарасы өтті.

Мемлекет басшысы «Бақытты және мықты отбасы – елдің амандығы мен өркендеуінің кепілі. Мемлекет алдағы уақытта отбасы институтын қолдап, осы салада кешенді саясат жүргізетін болады» деген болатын.
Өңірде бұл бағыттағы жұмыс жүйелі. Мәселен қала орталығынан сәні мен салтанаты келіскен «Анаға тағзым», шаңырақ бастауының алтын дінгегіне айналған «Отбасы орталығы» ел игілігіне берілді. Сондай-ақ отбасы құндылығын дәріптеуге арналған «Мерейлі отбасы» байқауы, «Отбасы күні» және «Ана шұағы» сынды мерекелер жоғары деңгейде аталып өтеді.
«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.
Жобаның мақсаты – отбасы институтын, адамгершілікті, руханияты нығайту, ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, отбасылық құндылықты дәріптеу. Бастысы байқау

жыл өткен сайын жанданып келеді. Жобаға қызығушылық танытатын қатысушы отбасы саны артауда.
Ұлттық құндылықтар мен шаңырақтың береке-бірлігін насихаттайтын шарада қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев қатысушылар мен жеңімпаздарды құттықтап, байқаудың қаланың мәдени-рухани өміріндегі маңызы ерекше екенін атап өтті. Сондай-ақ байқау жеңімпаздарына арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыстады.
Сыр өңірінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына биыл 22 отбасы үміткер ретінде құжат тапсырды. Нәтижесінде 3 отбасы жүлделі орынды иемденіп, 3 отбасы арнайы номинация иегері атанды.
Қызылорда аудандық округінен қатысқан Бодановтар отбасы I орынды жеңіп алды. Қарауылтөбе аудандық округінен Бимұратовтар отбасына II орын бұйырса, Қызылжарма аудандық округінен Ибраевтар отбасы III орынды иемденді. «Ұлағатты отбасы» номинациясын Сембаевтар

отбасы, «Жұлдызды жаңу» номинациясын Ерниязовтар отбасы еншілесі, Сейілхановтар отбасы «Берекелі әулет» атанды.
Ұлттық байқау отбасылық құндылықтардың жандануына, дәстүрдің жаңғыруына, түрлі буын өкілдерінің арасындағы сыйластықтың нығаюына, ұрпақ тәрбиесіне жаңаша дем беріп, өнегелі әулеттердің өрісін кеңейтуге ықпал етіп келеді.
Ал қалаға қарасты кент және ауылдық округтердің өнерпаздары арасында өткен «Ел іші – өнер кеніші» байқау қорытындысы бойынша



бас жүлдені Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі жеңіп алды. Талсуат ауылдық клубы I орын алса, II орынға С.Майқанова атындағы мәдениет үйі, Белкөл кенті клубы мен Ақсуат ауылдық клубы лайық деп танылды. III орын Абай мәдениет үйі, Қараөзек ауылдық клубы, Ақжарма мәдениет үйі мен Қарауылтөбе ауылдық клубына бұйырды.
Қала қонақтары мен тұрғындар концерттік бағдарламаны тамашалап, әсерлі көңіл-күймен тарқасты.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

ТУЫНДЫ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ

«АЛҚАЖАРДАН АТАМЕКЕНГЕ ДЕЙІН»

Осы тақырыпта жаңа кітап өмірге келді. Ғұмырбаяндық туындыда бір кейіпкердің тағдыры тарқатыла келіп, ілгерідегі тұтас бір дәуірдің сан тараулы жолы сабақталған. Ата-бабасы кешкен қиын-қыстау өмірдің ашы-тұщы естеліктері жадында жатталып қалған бала өзі ата болған шағында ой-санасын шырмалп алған сол оқиғаларды ұрпақтарына баяндап беруді ұйғарады.



Иә, «Ғұмырдария құярылығы» бөлімінен бастау алған оқиға «Көңіл көкжиегіндегі сәулесі», «Перзент пейілі», «Ұрпағым ұлағат тұтсын деп» аталатын төрт бөлімде түрлі-түрлі оқиғаларға қанығып, қандай бір қиын шақтарда алалдығынан танбаған жан-дардың өнегелі өмірінен өткеннің жарқын белгісін танығандай боласыз. Дәлірек айтсақ, ата-бабаның ғибратты ғұмыры артында қалған ұрпағына адаласпайтындей айқын жол көрсететін шамшырақ секілді. Әлқиссасы «Балалар баянына барсақ» деген әңгімеден басталған деректі хикаят әрі қарай тарқатыла түсіп, жиырмадан астам жазбадан жан-жақты баян етілген.

Бір заманда ата-бабасы тағдыр жазуымен туған жерінен жыраққа кеткен Молдахмет Құлахметұлы Өзбекстанның Бөке ауданына қарасты Алқажар елді мекенінде өмірге келген. Ол орта мектепте оқып жүргенде-ақ, өзіндік ерек қабілетімен танылып, волейбол, футбол және бокстан I санаттағы спорттық дәрежеге қорғанды. Мектептен соң Ташкент мемлекеттік денешынықтыру және спорт институтын бітіріп, осы мектептен еңбек жолын бастаған.

Арман болған атамекені – Қызылордаға 1999 жылы көшіп келген. Қаладағы №197 орта мектепте әскери дайындық мұғалімі болып жұмысқа орналасқан білікті маман ұзақ жыл қоғамға, елге қалтқысыз қызмет етті. Спорт саласында мықты жастарды тәрбиелеп, ел біріншілігінде үнемі алдыны қатардан көрінді. Осындай талантты спортшылардың бірі Тұрсынбай Молдахметұлы (өзінің ұлы) – Азияның екі дүркін чемпионы, Әлем чемпионатының жүлдегері, кәсіпқой бокста да көптеген жеңіске жетіп, қазақтың көк туын жоғары көтеріп жүрген азамат. Бүгінде Молдахмет Құлахметұлы адал қызметімен абыройға бөленген азамат, Сыр елінің білім мен спорт саласына елеулі еңбегі сіңген ардагер.

Кітап авторы – көрнекті ақын, Ақпарат саласының үздігі, «Құрмет» орденінің, «Туран» сыйлығының иегері Дүйсенбек Аяшұлы. Кітапта сонау 1920-1930 жылдарда кенестік өкіметтің қысымынан зарлап шегіп, туған жерінен ауа көшкен ағайынның басынан кешкен қиын тағдыры баяндалған. Қалам иесі әр әңгіменің желісіне қарай ескіден қалған есті сөздерлі мысалға ала отырып, біле білген жаңа осынау қағым өмірдің қаншалықты қадірлі екенін барынша айтып бағады.

Ә.Тажібәев атындағы облыстық кітапханада өткен «Алқажардан атамекенге дейін» атты кітаптың таныстырылымына арналған жиында ел тарихы, руханият, тәрбие, ұрпақ сабақтастығы жайлы сөз болды.
Жинғына арнайы қатысқан облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Бекжан Шәкізатулы ардагер Молдахмет Құлахметұлына басқарма басшысы А.Есжановтың құттықтауын табыстады. Жинғына кітап кейіпкерінің ағайындары, білім саласы бойынша бастаушы ардагерлер ұйымының өкілдері қатысты.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

2026 ЖЫЛДЫҢ 23 ТАМЫЗЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНА ОРАЙ «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ОБЛЫСТЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕРІНЕ, АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІКТЕРІНЕ ЖӘНЕ «KYZYLORDA-NEWS.KZ» АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІГІНЕ САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ӨЗ ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫН ҰСЫНАДЫ

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы – А2, D2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 19007 дана.
Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы – А2, D2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 4535 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:
• бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
• ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
• ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.
Республикалық «Ақмешіт жастары» газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. Таралымы – 4457 дана.
Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:
• бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
• ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
• ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.
Қалалық және аудандық газеттер бойынша: Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жарысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері. Газеттердің таралымы – 2752 - 5475 дана аралығы.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:
• бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
• ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
• ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.
Қазалы аудандық «Қазалы» газеті аптасына 2 рет шығады: сейсенбі, сенбі. Таралымы – 4348 дана.
Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде – 140 теңге.

Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары», Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қазалы аудандық «Қазалы», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жарысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):
1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):
1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.
Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелер күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында), Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қыран» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 12 тамызда сағат 09:30-да Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сыздық көшесі, 62 мекенжайы бойынша «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, 303-құрылыс мекенжайындағы «Қыран» ЖШС өндірістік базасындағы асфальтбетон зауытының кеңейту» (RD240X маркалы асфальтбетон қондырғысын, DMAP-MBN1000 маркалы мобильді АБЗ орнату және битум шұңқырын реконструкциялау) жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, 2026-2027 жылдарға арналған шекті жол берілетін шығарындылар (ШЖШ) нормативтері жобасын түзету және 2028-2031 жылдарға арналған эмиссия нормативтерін белгілеу, Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ), Табиғатты қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚЖ) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.
Әсер ету аумағы: Қызылорда облысы, Қызылорда қ.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының 1-қосымшасының 8-тармағына сәйкес, ұсыныстар мен ескертулерді жергілікті атқарушы орган қабылдайды: a.koszhanova@vmail.kz және ақпараттық жүйе: https://ndbecology.gov.kz/
Zoom конференциясы: https://us04web.zoom.us/j/78117683959?pwd=Oapcg7MpdFfXCMNW LxHaXwa4SbSDG.1
Конференция идентификаторы: 781 1768 3959
Кіру коды: 5cv5Je
Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.
Қосымша ақпарат: тел.: 8-(700)-755-07-07.
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Қыран» ЖШС, БСН 980940002972, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Еділбаев көшесі, 62-үй. e-mail: kuran_pto@mail.ru, тел.: +7(778)-236-20-82.
Әзірлеуші: «ОРДА-ЭкоМониторинг» ЖШС, ҚР БСН 191240016558, Қызылорда қаласы, Сырдария шағын ауданы, №20 үй, 39-пәтер. Тел.: +7 777 785 13 46, e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru
Координаталар: 44.811054, 65.563553

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Қыран» в соответствии с требованиями ст. 96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 12.08.2026 года в 09:30 по адресу Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Сыздыкова 62 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по корректировке проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) на 2026-2027 годы и установление нормативов эмиссии на 2028-2031 годы, Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План природоохранных мероприятий (ППМ), Раздел Охрана окружающей среды) к «Расширению асфальтобетонного завода на производственной базе ТОО «Қыран» (устройства асфальтобетонной установки марки RD240X, мобильной АБЗ марки DMAP-MBN1000 и реконструкция битумной ямы) по адресу: Кызылординская область, г. Кызылорда, улица Мұстафа Шоқай, строение 303».
Территория воздействия: Кызылординская область, г. Кызылорда.
Согласно прил.1 п. 8 правил проведения общественных слушаний предложения и замечания принимает местный исполнительный орган: a.koszhanova@vmail.kz и информационная система: https://ndbecology.gov.kz/
Zoom Конференция: https://us04web.zoom.us/j/78117683959?pwd=Oapcg7MpdFfXCMNW LxHaXwa4SbSDG.1
Идентификатор конференции: 781 1768 3959
Код доступа: 5cv5Je
Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz г. Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.
Дополнительная информация: тел.: 8-(700)-755-07-07.
Инициатор: ТОО «Қыран», БИН 980940002972, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Еділбаева, д. 62. e-mail: kuran_pto@mail.ru, тел.: +7(778)-236-20-82.
Разработчик: ТОО «ОРДА-ЭкоМониторинг», БИН 191240016558, г. Кызылорда, мкр-н Сырдария, дом №20, кв. 39. Тел.: +7 777 785 13 46, e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru
Координаты 44.811054, 65.563553

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы ақын, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі Мұхамеджан Нұрхановқа ағасы Сұлтан Нұрхановтың қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақшыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.